

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АЛМАТЫ АУДАНЫДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

№ 2495-1910-02/10 заңды
түрде мемлекеттік тіркелуден қайта есептелді
қуәлік

Алғашқы тіркелген күні: 1997 ж. 18 сәуірі
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАТИНСКОГО РАЙОНА
произведена государственная перерегистрация
юридического лица 21 08 2008 г.

свидетельство № 2495-1910-02/10
Дата первичной регистрации 18 08 2009 г.
БСН/БИН 920040000177



«БЕКІТІЛГЕН»

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
жалғыз акционерінің шешімімен
(«Байтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ
Басқармасының күндізгі отырысының
хаттамасы

13.10.2016 жылғы № 41/16)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АЛМАТЫ АУДАНЫДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

№ 4013 бұйрығы
2016 ж. 11 қыркүйегі

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАТИНСКОГО РАЙОНА
Внесены изменения и дополнения
в учредительные документы

ПРИКАЗ № 4013
11.11 2016 г.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

Астана қ., 2016 жыл

1. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

1. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылдың 26 сәуіріндегі № 665 Қаулысы негізінде мемлекеттің Қоғамның Жарғылық капиталына 100% (жүз пайыз) қатысуымен акционерлік қоғам нысанында құрылды.

2. Қоғамның жалғыз акционері «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Жалғыз акционер) болып табылады.

3. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық шарттарды (келісімдерді), Қоғамның ішкі құжаттарын және осы Жарғыны басшылыққа алады.

4. Қоғам Қазақстан Республикасының әділет органдарында оның мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

5. Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады, жеке дербес балансы бар, Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікті иеленеді, жеке банктік шоттарды ашуға құқылы, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттемелерді көтеруге, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

6. Қоғам өз мүлкі шектерінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілікті көтереді және Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Қоғамның Жалғыз акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, оған тиесілі акциялардың құны шектерінде Қоғам қызметімен байланысты болатын залалдар тәуекелін көтереді.

7. Қоғамның қызмет мерзімі – шектелмеген.

8. Қоғамның дөңгелек мөрі, мөртабандары, эмблемасы, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі өзінің атауы жазылған бланкілері бар.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес, белгіленген шектеулерді есепке ала отырып, басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға, Қазақстан Республикасының аумағында өзінің филиалдарын, өкілдіктерін ашуға және жарғылық ережелердің шектерінде оларға құқықтар бөліп беруге құқылы.

Қоғамның филиалы және өкілдігі өзінің қызметін оларға Қоғаммен берілген құқықтардың шегінде, және Қоғамның уәкілетті органымен бекітілген олар туралы ережелермен сәйкес жүзеге асырады. Филиалдың және өкілдіктің бірінші басқарушылары Қоғаммен берілген сенімхаттың негізінде, оларға берілген өкілеттіктердің шектерінде әрекет етеді, Қоғамның жоғарыда тұрған органдарына есеп береді.

10. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметі оның мүліктік, экономикалық, қаржылық және шаруашылық дербестілігінің негізінде жүзеге асырылады.

11. Қоғам өзінің жұмысын мемлекеттік органдармен, жеке кәсіпкерлікке қолдау көрсету және дамыту жөніндегі қоғамдық бірлестіктердің өкілдерімен, шетелдік және халықаралық қаржы ұйымдарымен, шетелдік үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылда ұйымдастырады.

12. Қоғам өзінің қызметін Қоғамды дамытудың стратегиялық бағыттарымен сәйкес жүзеге асырады.

2. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

13. Қоғамның атауы:

толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: акционерное общество «Фонд развития предпринимательства «Даму»;

ағылшын тілінде: Joint-stock company «Damu» Entrepreneurship development fund».

қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ; «Даму» Қоры» АҚ;

орыс тілінде: АО «Фонд развития предпринимательства «Даму»; АО «Фонд «Даму»;

ағылшын тілінде: JSC «Damu» Entrepreneurship development fund»; JSC «Damu» Fund».

14. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: А05С9У3, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Гоголь көшесі, 111.

3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

15. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты жеке кәсіпкерлікке қаржылай және қаржылай емес қолдау көрсету арқылы Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлікті сапалы дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылай қолдау Қоғаммен сырттан тартылған қаражат және өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Шаруашылық қызметтен пайда түсіре отырып, өз қаражаты мен тартылған қаражатты басқару және оны Жалғыз акционер мүддесіне пайдалану тиімді жүзеге асырылуы тиіс.

16. Қоғамның міндеттері:

1) екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі және лизингтік қызметті жүзеге асыратын өзге заңды тұлғалардың жеке кәсіпкерлік субъектілеріне беретін несиелері мен қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;

2) микроқаржылық ұйымдардың қызметін дамыту;

3) жеке кәсіпкерлік субъектілері екінші деңгейдегі банктерден және өзге заңды тұлғалардан несие алу кезінде оларға кепілдендіру жүйесін құру;

4) қаржы лизингін дамыту;

5) жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру, оның ішінде жеке кәсіпкерлікке қаржылай және мүлктік қолдау көрсету мәселелері бойынша оқыту және консалтингі;

6) жеке кәсіпкерлік идеясын насихаттау;

7) жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша ақпараттық-аналитикалық қолдау көрсету;

8) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаражатты екінші деңгейдегі банктерге және өзге заңды тұлғаларға келісіп орналастыру жолымен, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен тікелей қарастырылған өзге тәсілдермен қаржыландыру;

9) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламаларын іске асыруға мониторингті жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Жалғыз акционердің шешімдеріне сәйкес өзге міндеттер.

17. Қоғам қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

1) жеке кәсіпкерлікті қолдау саласындағы бағдарламаларды (оның ішінде мемлекеттік) әзірлеуге, іске асыруға және қаржыландыруға қатысу;

2) микроқаржыландыруды жүзеге асырушы ұйымдарға ресурстық қолдау көрсету;

3) институционалды және жеке инвесторларды микроқаржыландыруға (микронесиелеуге) тартуға жәрдемдесу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саласында шет ел несиелерінің мақсатты пайдаланылуына

қызмет көрсету агенті ретінде әрекет ету;

5) жеке кәсіпкерлік саласында бизнес-орталықтар мен жеке кәсіпкерлік инкубаторларының, консультациялық, оқу-әдістемелік, лизингтік және өзге нарық инфрақұрылымдарының дамуына жәрдемдесу;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген бағдарламалар аясында жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі және лизингтік қызметті жүзеге асыратын өзге заңды тұлғалар беретін несиелер мен қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;

7) жеке кәсіпкерлік субъектілері екінші деңгейдегі банктерден және өзге заңды тұлғалардан несие алатын кезде, оларға кепілдік беру;

8) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламаларының іске асырылуына арналған мониторингті жүзеге асыру;

9) жарғылық міндеттерге қол жеткізуге бағытталған және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулыларымен Қоғам үшін анықталған қосымша қызмет түрлері.

4. ҚОҒАМ МҮЛКІ

18. Қоғам мүлкі оған меншік құқында тиесілі. Қоғам мүлкін негізгі және айналымдағы қаражат, сонымен қатар бағасы Қоғамның жеке балансында көрсетілген өзге мүлікті құрайды.

19. Қоғам мүлкі:

- 1) Жалғыз акционермен Қоғамның акцияларын төлеуге табысталған мүлкінің;
- 2) оның қызметінің нәтижесінде алынған табыстардың;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған тәртіпте сатып алынған өзге мүліктің есебінен құрылады.

20. Өзінің жарғылық мақсаттарына қол жеткізу үшін, Қоғам шарттық бастамаларда оған қазақстандық және шетелдік заңды және жеке тұлғалармен ұсынылған мүлікті пайдалануға құқылы.

5. ҚОҒАМНЫҢ РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ

21. Қоғам резервтік капиталды құрады және өзінің резервтік капиталы бар.

22. Резервтік капитал Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерімен сәйкес Қоғамның таза табысынан аударылатын аударымдар арқылы қалыптастырылады.

23. Резервтік капиталды пайдалану тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесімен анықталады.

6. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

24. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген барлық құқыққа ие және міндеттерге жауапты.

25. Қоғам Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікті иеленеді және оның міндеттемелеріне жауапты емес.

26. Қоғам өзінің атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасай алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа әрекеттерді жүзеге асыра алады.

27. Қоғам қорғау құжаттарды, технологияларды, «ноу-хау» мен өзге ақпаратты иеленуге және пайдалануға құқықты сатып ала алады және бере алады.

28. Қоғам шығарылуы, орналастырылуы, айналымы және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін бағалы қағаздар шығара алады.

29. Қоғам қызметкерлердің еңбек ақысын төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамуға, табысты бөліп беруге, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта дайындауға байланысты барлық мәселелерді өзі дербес шешеді.

30. Қоғам белгіленген тәртіпте банктерде және Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан өзге қаржы мекемелерінде ұлттық валюта да, сондай-ақ шетелдік валюта да есепшоттар ашуға құқылы.

31. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазақстандық та, шетелдік те заңды және жеке тұлғалардан теңгемен және шетелдік валютада несиелер (қарыздар) алуға және оны пайдалануға құқылы.

32. Қоғам ішкі нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

33. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған басқа құқықтарды иелене алады және басқа міндеттерді көтере алады.

7. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

34. Жалғыз акционер:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның Жарғысымен анықталған тәртіпте, Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) Қоғам тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғам органымен қабылданған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;

6) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен қарастырылған жағдайларда Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірген залалдарының орнын толтыру, және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер (жасауға ұсыныстар) және (немесе) жасалуына мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайдаларын (табысты) Қоғамға қайтару туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгінуге;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуларды жасауға және сұрау салу Қоғамға келіп түскен күннен бастап, 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап алуға;

8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

9) белгіленген тәртіпте Қоғам акциясына еркін айырбасталатын оның акциялары мен бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

10) Қоғамның Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап етуге;

11) өз есебінен аудиторлық ұйыммен Қоғамға аудит жүргізуді талап етуге құқылы.

35. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Жарғымен қарастырылған басқа құқықтарды да иелене алады.

36. Жалғыз акционер:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Жарғымен қарастырылған тәртіпте акцияларды төлеуге;

2) Қоғам акцияларының ұстаушылары тізілімінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені жөнінде Қоғам тіркеушісі мен аталған акционерге тиесілі акциялардың нақтылы ұстаушысына 10 (он) күннің ішінде хабардар етуге;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпиялардан тұратын мәліметтерді жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасымен сәйкес өзге міндеттерді орындауға міндетті.

Қоғам және Қоғам тіркеушісі Жалғыз акционердің Жарғының осы тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамаушылық салдары үшін жауапкершілікті көтермейді.

8. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

37. Қоғам акцияларды, облигацияларды, еркін айырбасталатын және өзге, оның ішінде туынды бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналымдары мен өтеу шарттары мен тәртіптері Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен анықталады.

38. Қоғам тек қана жай акцияларды шығарады.

Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауына құқық береді. Сонымен қатар, жай акция Жалғыз акционерге Қоғамның таза табысы болған кезде дивидендтер алуға және Қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте, оның мүлкінің бөлігін алуға құқық береді.

39. Қоғамның акцияларын шығару құжаттамасыз нысанда жүзеге асырылады.

40. Акцияларды орналастыру (сату), оның ішінде жарияланған акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) әдісі мен бағасы шегінде Қоғамның орналастырылатын (сатылатын) акцияларының саны туралы шешім Қоғамның Директорлар кеңесімен қабылданады.

Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін орналастырады.

41. Орналастырылатын акциялар төлемі ретінде ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік нысаналарына құқықтар) және Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, өзге мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан бөлек өзге мүлікпен төлеу (бағалы қағаздарды қоспағанда) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушымен анықталатын баға бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамның орналастырылатын акцияларына қор биржасында айналыста болатын бағалы қағаздармен ақы төлеу қор биржасының бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес қор биржасы айқындайтын нарықтық баға бойынша жүзеге асырылады. Акцияларға ақы төлеуге енгізілетін бағалы қағаздардың түріне қатысты көрсетілген әдістеме бойынша қор биржасы есептеген мұндай бағалы қағаздардың нарықтық бағасы болмаған жағдайда, олардың құнын бағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы жүргізеді.

Егер Қоғамның орналастырылатын акцияларының төлеміне мүлікті пайдалану құқығы кіргізілетін болса, онда мұндай құқықты бағалау Қоғамның осы мүлікті барлық пайдалану мерзімі үшін төленетін төлем мөлшерін ескере отырып, жүргізіледі.

Көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін осындай мүлікті Қоғамның Жалғыз акционерінің келісімінсіз алып қоюына тыйым салынады.

Акцияларды орналастыру кезінде Қоғамға:

1) эмитенттің орналастырылған акцияларды кері сатып алуын жүзеге асыру құқығын не міндетін көздейтін мәмілелерді жасасуға (жасауға);

2) талаптарында (шығарылым талаптарында) эмитенттің орналастырған акцияларын эмитенттің сатып алу құқығы немесе міндеті көзделетін шарттар жасасуға (туынды бағалы қағаздарды сатып алуға) тыйым салынады.

42. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу Қоғамның тіркеушісімен жүзеге асырылады.

43. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды кепілге тек мынадай жағдайда, егер:

1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толығымен төленген болса;

2) Қоғамға кепілге табысталып отырған және онда кепілде тұрған акциялардың жалпы саны, Қоғаммен сатып алған акцияларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылған акцияларының 25% (жиырма бес пайыздан) аспайтын бөлігін құрайтын болса;

3) кепіл туралы шарт Қоғамның Жалғыз акционерімен мақұлданса қабылдай алады.

9. ДИВИДЕНДТЕР

44. Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес Қоғаммен төленетін, оған тиесілі акциялар бойынша Жалғыз акционердің табысы дивиденд болып табылады.

Дивидендтерді төлеу ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен жүргізіледі. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге, егер мұндай төлем Жалғыз акционердің жазбаша келісімі бар болған кезде, Қоғамның жарияланған акцияларымен және олармен шығарылған облигациялармен жүзеге асырылатын болса ғана жол беріледі.

45. Жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім Жалғыз акционермен қабылданады.

Дивидендтерді төлеу Жалғыз акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер бар болған жағдайда, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау сәтінен бастап 90 күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы тиіс. Жалғыз акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу Жалғыз акционер Қоғамға жүгінген сәттен бастап 90 күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

46. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда қарастырылған өз өкілеттіктерінің шегінде шешім қабылдаған күннен бастап, 10 (он) жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялай отырып, жыл қорытындысы бойынша жай акцияларға дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешімі қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Дивидендтерді төлеу туралы шешімде келесі ақпарат мазмұндалуы тиіс:

1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге деректемелері;

2) дивидендтер төленетін кезең;

3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;

4) дивидендтерді төлеу басталатын күн;

5) дивидендтерді төлеу тәртібі және нысаны.

47. Жалғыз акционердің Қоғам берешегінің құрылу мерзіміне тәуелсіз алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы, дивиденд Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген негіздер бойынша есептелмеген жағдайларды қоспағанда.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, Жалғыз

акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша міндеттемесінің немесе оның сәйкесінше бөлігінің орындалу күніне қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінен есептеп шығарылатын өсімақы төленеді.

48. Егер Қоғамның меншік капиталының мөлшері жағымсыз немесе Қоғамның меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивиденд есептеудің нәтижесінде жағымсыз болған жағдайда, немесе егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкрот туралы заңнамасына сәйкес төлеуге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне сай болса немесе оның акциялары бойынша дивиденд есептеудің нәтижесінде Қоғамда осы көрсетілген белгілер пайда болған жағдайда, Жалғыз акционерге жай акциялар бойынша дивиденд есептеуге тыйым салынады.

49. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу төлем агенті арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Төлем агентінің қызметтеріне ақы төлеу Қоғамның есебінен жүзеге асырылады.

10. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

50. Қоғам органдары:
- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
 - 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
 - 3) атқарушы орган – Басқарма;
 - 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырушы орган – Ішкі аудит қызметі;
 - 5) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің екінші деңгейдегі банктерден және өзге заңды тұлғалардан несиелер алу кезінде оларға кепілдіктер ұсынумен байланысты жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі орган – Несие комитеті;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес құрылған өзге органдар.

11. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

51. Жалғыз акционер қаржы жылы аяқталғаннан кейін жыл сайын 5 (бес) айдың ішінде акционерлік қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жататын төмендегідей мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға міндетті:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 2) Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлудің тәртібі мен Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін анықтау туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне Жалғыз акционердің жолдаулары және олардың қарастырылу қорытындысы туралы мәселелерді қарастыру.

Есеп беру кезеңіне Қоғам қызметіне жасалған аудитті аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылған деп есептелінеді.

52. Жалғыз акционер, олар бойынша шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын өзге де сұрақтарды қарастыруға құқылы.

53. Жалғыз акционер шешім қабылдау үшін акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жататын сұрақтарды әзірлеу Қоғам Басқармасымен және онымен жасалған шартқа сәйкес Қоғам тіркеушісімен, Қоғамның Директорлар кеңесімен жүзеге асырылады.

54. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару Қоғамның Директорлар кеңесімен бастамашылық жасалады.

55. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қалған мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару Қоғамның Директорлар кеңесімен, Жалғыз акционермен бастама көтеріледі, ал ерікті тарату процесі кезінде – сондай-ақ Қоғамның тарату комиссиясы да ынта білдіруі мүмкін.

Қазақстан Республикасы заңнамасымен мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына міндетті шығару жағдайлары да қарастырылуы мүмкін.

56. Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару бойынша шығындарды Қоғам көтереді.

57. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер жөніндегі материалдарда аталған мәселелер бойынша негізделген шешім қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат мазмұндалуы қажет.

58. Қоғам органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпарат мазмұндалуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сонымен қатар қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 1) білімі жөніндегі мәліметтер;
- 2) Қоғамға үлестілігі жөніндегі мәліметтер;
- 3) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
- 4) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге ақпарат.

Күн тәртібіне Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) жөніндегі мәселе енгізілген жағдайда, материалдарда Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелігіне ұсынылатын кандидат кімнің өкілі болып табылатынын, немесе ол Қоғамның тәуелсіз директоры қызметіне кандидат болып табыла ма, көрсетілуі тиіс.

59. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын, акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын мәселелер бойынша акционерлік қоғамның материалдарына кіруі тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;
- 1) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
- 2) Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі мен Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің бір жылғы мөлшері туралы Қоғамның Директорлар кеңесінің ұсыныстары;
- 3) Жалғыз Акционердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты жолдаулары және олардың қарастырылу қорытындысы туралы ақпарат;
- 5) бастамашының қарауы бойынша акционерлік қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу жөніндегі өзге де құжаттар.

12. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ЕРЕКШЕ ҚҰЗЫРЕТІ

60. Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік бақылау кодексін, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттерін орындағаны үшін берілетін сыйақы және өтемақы төлеу шарттарын анықтау;
- 5) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне біліктілік талаптарын бекіту;

- 6) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 7) Қоғамның бағалы қағаздарын ауыстыру шарттары мен тәртібін, сонымен қатар олардың өзгеруін анықтау;
- 8) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 9) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;
- 10) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 11) орналастырылған акциялардың бір түрін басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін анықтау;
- 12) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды, және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін анықтау;
- 13) Қоғамда тексерулер (ревизия) тағайындау туралы шешім қабылдау;
- 14) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 15) Қоғамның есептік қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі жыл қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;
- 16) Қоғамның қоғамға тиесілі барлық активтерінің жиырма бес және одан да көбірек пайызын құрайтын сомадағы активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау (алу) жолымен өзге заңды тұлғаларды құруы немесе олардың қызметіне қатысуы немесе өзге заңды тұлғалардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 17) Қоғамның Басқарма Төрағасын сайлау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 18) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 19) Жалғыз акционерге Қоғам қызметі туралы ақпарат ұсыну тәртібін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау, егер осындай тәртіп Қоғам Жарғысымен анықталмаған болса;
- 20) Қоғаммен акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алу кезінде акция құнын анықтау әдістемесіне енгізілген өзгертулерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекіту;
- 21) Қоғамның Директорлар кеңесінің істелген жұмыс туралы жылдық есебінен тұратын Қоғамның жылдық есебін бекіту;
- 22) Қоғамның әкімшілік шығындарының нормативтері мен басқа лимиттерінің жеке түрлерін бекіту;
- 23) Жалғыз акционермен анықталатын тізім бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту, оның ішінде:
 - Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені;
 - Қоғамның дивидендтік саясатын;
 - Қоғамның Жалғыз акционерімен өзара әрекеттестік туралы ереже (Жалғыз акционермен мұндай құжатты әзірлеу туралы шешім қабылданған жағдайда);
 - Директорлар кеңесінің қызметін бағалау әдістемесі;
- 24) Қоғамның қызмет мәселелері бойынша Қоғамға орындау үшін тікелей (жедел) тапсырмаларды беру;
- 25) Қоғамның атқарушы органының басшысын тәртіптік жауапкершілікке тарту, тәртіптік жазалауды мерзімінен бұрын алу;
- 26) Қоғаммен нәтижесінде елу және одан көп пайызы иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күніне Қоғамның активтерінің баланстық

құнының жалпы мөлшерінен құны елу және одан көп пайызын құрайтын мүлік иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі мәмілені Қоғаммен жасауды мақұлдау туралы шешім қабылдау;

27) олар бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.

61. Шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзырына жататын мәселелерді, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше жағдайлар қарастырылмаған болса, басқа органдардың, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

62. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез-келген шешімдерін жоюға құқылы.

13. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

63. Қоғамның Директорлар Кеңесі, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Қоғамның Директорлар Кеңесінің шешімдері осы Жарғыда анықталған тәртіпте қабылданады.

64. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақы төленуі және (немесе) Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты болған шығындарының орны толтырылуы мүмкін. Мұндай сыйақы мөлшері мен оларды төлеу шарттары Жалғыз акционердің шешімімен анықталады.

65. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасымен өзге белгіленбесе, Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару;
- 2) орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Қоғамның сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешімдер қабылдау;
- 3) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 4) Қоғамның жылдық есебін алдын ала бекіту;
- 5) Қоғамның резервтік капиталын пайдалану тәртібін анықтау;
- 6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сонымен қатар оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 7) жарияланған акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы шеңберінде акцияларды орналастыру (сату), оның ішінде Қоғамның орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны туралы шешім қабылдау;
- 8) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін, оның жұмыс тәртібін анықтау, оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын анықтау, оған көтермелеу және жаза қолдану шарттарын қолдану;
- 9) Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін бағалау туралы есепті бекіту;
- 10) Қоғамның корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалау, өз құзыреті шегінде оған енгізілген өзгертулерді бекіту, Қоғамның Жалғыз акционеріне енгізілетін өзгертулер бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 11) Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген саясатқа(-тарға) сәйкес мүдделер тартысы мен корпоративтік тартыстарды реттеу жөніндегі саясатты (-тарды) бекіту;
- 12) іскерлік этика кодексін бекіту;

13) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның Басқарма Төрағасын қоспағанда;

14) Қоғамды корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту;

15) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өзге ұйымдарда жұмыс істеу және/немесе лауазымдық қызметте(терде) болу мүмкіндігіне қатысты Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланғаннан кейін туындайтын мәселелер бойынша келісім беру туралы шешім қабылдау;

16) Қоғамның Басқарма төрағасы мен оның мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерлері мен еңбекке ақы төлеу шарттарын анықтау;

17) Қоғам жұмыскерлерінің және ұйымдық құрылымының жалпы санын бекіту;

18) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

19) Директорлар кеңесімен анықталатын тізім бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Жалғыз акционермен және Басқармамен қабылданатын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондарды өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту, оның ішінде:

- Қоғамның ақпараттық саясатын;
- мүдделер жанжалын және корпоративтік жанжалдарды реттеу бойынша саясат(-тар);
- корпоративтік хатшы туралы ережені;
- Қоғамның Басқармасы туралы ережені;
- сыртқы аудит бойынша саясатын;
- Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және қайырымдылық саласындағы саясатын;

- Қоғамның экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы саясатын;

- Қоғамның Несие комитеті туралы ережені;

- Қоғамның несие саясатын;

- контрагенттің баланстық және/немесе баланстық емес берешектер шотынан есептен шығару ережені (оның ішінде талап ету құқынан бас тарту);

- Қоғамның кадрлық саясатын;

20) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

21) Қоғамның өзге заңды тұлғалардың акцияларының он және одан көбірек пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) сатып алуы (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдау, сонымен қатар Қоғамның басқа ұйымдарды құруға қатысуы жөнінде шешімдер қабылдау;

22) Қоғамның міндеттемелерін оның жеке капиталы мөлшерінің он және одан көп пайыздарын құрайтын шамаға ұлғайту жөніндегі шешім қабылдау;

23) Қоғаммен ірі мәмілелер және жасалуына Қоғаммен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мүдделілік танытатын мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;

24) Қоғамның даму жоспарын бекіту, сондай-ақ өзгертулерді, толықтыруларды енгізу және оны іске асыру мониторингі;

25) стратегияны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту, сондай-ақ өзгертулерді, толықтыруларды енгізу және оны іске асыру мониторингі;

26) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басқарушысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын

тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, еңбекақы төлеу және Ішкі аудит қызметінің басшылары мен мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің басшылары мен мүшелерінің қызметтерінің негізгі көрсеткіштерін бекіту;

- 27) Ішкі аудит қызметінің қызметін бағалауды бекіту;
- 28) Қоғамның ішкі бақылау жүйесі тиімділігінің сақталуын қамтамасыз ету және бағалау және Қоғамның ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;
- 29) Қоғамның тәуекелдерді басқару бойынша ішкі рәсімдерін бекіту (карталар, тәуекелдер матрицасы, тәуекелге тәбетінің деңгейі, төзімділік деңгейлері, тиімділік көрсеткіштері және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін бағалау);
- 30) тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді бекіту;
- 31) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;
- 32) Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сонымен қатар Директорлар кеңесі комитеттерінің сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағасын және мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 33) Қоғамның Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесінің комитеттерінің, корпоративтік хатшының жұмысы туралы есептерді бекіту;
- 34) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғам қызметі, оның ішінде қаржылық қызметі (Қоғамның даму стратегиясын, ортамерзімді даму жоспарын, Қоғамның жылдық бюджетін орындағаны, туралы басқарушылық есептілік, Қоғам қызметінің басты көрсеткіштерге қол жеткізгені туралы, сонымен қатар Қоғамның негізгі тәуекелдері мен оларды тиімді басқару шаралары туралы) туралы ақпаратты алу тәртібі мен мерзімін анықтау;
- 35) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 36) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сонымен қатар Қоғам акцияларын төлеу үшін табысталған немесе ірі мәміленің нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтерін төлеу мөлшерін анықтау;
- 37) Қоғамға меншік құқығында тиесілі болатын заңды тұлғалардың акцияларына (қатысу үлестеріне) билік жүргізу тәртібін регламенттейтін ережелерді бекіту;
- 38) Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту;
- 39) Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерінің мақсатты мәндерінің жетістіктеріне мониторингті жүзеге асыру;
- 40) Басқарма мүшелері үшін (Қоғамның Директорлар кеңесі жанындағы тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің нұсқауымен), Ішкі аудит қызметінің басқарушысы мен оның мүшелері (Қоғамның Директорлар кеңесі жанындағы аудит жөніндегі комитеттің нұсқауымен) және Қоғамның корпоративтік хатшысы үшін қызметтің негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәнін бекіту;
- 41) Қоғам Басқармасы мүшелерінің қызметін бағалау;
- 42) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын Қоғам және оның қызметі жөніндегі ақпаратты анықтау;
- 43) Қоғам Басқармасы мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешімдер қабылдау;
- 44) Қоғамның қызметінің басым бағыттарын және даму стратегиясын анықтау, өзгертулер, толықтырулар енгізу және оны іске асыру мониторингі;
- 45) Қоғаммен бастамашылық етілетін жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасын бекіту, сондай-ақ оларға өзгертулер мен толықтыруларды енгізу;

- 46) Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін бекіту;
- 47) атқарушы органның, Ішкі аудит қызметінің және корпоративтік хатшыны бағалау әдістемесін келісу;
- 48) омбудсменді тағайындау және ол туралы ережені бекіту, оның қызметін бағалау;
- 49) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен және (немесе) Жалғыз акционермен немесе Директорлар кеңесімен бекітілген, Жалғыз акционердің құзырына жатпайтын Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге мәселелер.

66. Тізімі Жарғының 65 тармағында белгіленген мәселелер Қоғам Басқармасының шешуіне табысталуы мүмкін емес.

Қоғамның Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

67. Директорлар кеңесінің мүшесі болып Қоғам акционері болып табылмайтын және Жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (кеңес берілмеген) жеке тұлға сайлануы мүмкін.

Мемлекеттік қызметкерлер болып табылатын және өз өкілеттіктерін лауазымдық міндеттерге сәйкес жүзеге асыратын Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесіндегі өзінің өкілеттіктерін жүзеге асырғаны үшін сыйақы алмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 5 (бес) адамнан кем болмайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын тәуелсіз директорлар саны Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамының отыз пайызынан кем болмауы керек.

Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидаттардың және Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімдері, біліктілігі, өзінің міндеттерін орындау үшін және Жалғыз акционердің және Қоғамның мүдделеріне Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті іскерлік және (немесе) салалық ортада позитивтік жетістіктері болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына:

- заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алып тасталмаған соттылығы бар;
- мәжбүрлі тарату немесе акцияларды мәжбүрлі сатып алу, немесе белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаның консервациясы туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын директорлар кеңесінің төрағасы, басқа заңды тұлғаның бірінші басқарушысы (басқарма төрағасы), басқарушының орынбасары, бас бухгалтер болған тұлға сайлана алмайды. Көрсетілген талап мәжбүрлі тарату немесе акцияларды мәжбүрлі сатып алу, немесе белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны тоқтатып қою туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жылдың ішінде қолданылады.

Тәуелсіз директор ретінде Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланатын кандидаттар және Директорлар кеңесінің мүшелері – Қоғамның тәуелсіз директорлары жоғарыда көрсетілген талаптардан басқа, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен тікелей қарастырылған талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын кандидаттар және Директорлар кеңесінің мүшелері сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерімен анықталған талаптарға сәйкес келуі тиіс.

68. Қоғамның Басқарма төрағасынан басқа, Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасы болып сайлана алмайды.

69. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлғалар бірнеше рет қайта сайлана алады, сонымен бірге Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына кірудің ең көп мерзімі 6 (алты) жылдан аспауы тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Қоғамның жаңа Директорлар кеңесін сайлау жүргізілетін Жалғыз акционермен шешім қабылданған сәттен бастап аяқталады. Жалғыз акционер Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Қоғамның Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері Жалғыз акционермен оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау күнінен бастап тоқтатылады.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде оның бастамасымен жүзеге асырылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Қоғамның Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

70. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі сайланған жағдайда, соңғысының өкілеттігі жалпы алғанда Қоғамның Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімімен бір уақытта аяқталады.

71. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Жарғымен белгіленген тәртіпте:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және онда төрағалық етеді;
- 3) мәжілістерде хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның қызметтерін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

72. Қоғамның Директорлар Кеңесінің мәжілісі оның Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының не болмаса:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 3) Жалғыз акционердің;
- 4) Қоғамның ішкі аудит қызметінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

73. Қоғамның Директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап Қоғамның Директорлар Кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін мазмұндайтын тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы Қоғамның Директорлар Кеңесінің төрағасына ұсынылады.

Қоғамның Директорлар Кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаппен Қоғамның Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Қоғам Басқармасына жүгінуге құқылы.

Қоғамның Директорлар Кеңесінің отырысы Қоғамның Директорлар Кеңесінің Төрағасымен немесе Қоғам Басқармасымен шақыру туралы талап түскен күннен бастап, он бес жұмыс күннен кешіктірмей, шақырылуы тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты ұсынған тұлғаны міндетті шақырумен өткізіледі.

Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Қоғамның Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібі Қоғамның Директорлар Кеңесімен анықталады.

Қоғамның Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламаға сырттай тәртіпте сондай-ақ сырттай дауыс беру үшін, Қоғамның Директорлар Кеңесінің барлық мүшелеріне ұсынылатын біртұтас нысандағы бюллетень де қоса беріледі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде мазмұндалуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы мен орналасқан жері;
- 2) қол қойылған бюллетеньді корпоративтік хатшыға ұсыну күні;
- 3) мәжілістің күн тәртібі;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 5) өзге мәліметтер.

Бюллетеньдерді Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беруге жіберген кезде, корпоративтік хатшы олардың дұрыс және бірегей құрастырылғанын өзінің қолтаңбасымен растайды.

Қоғамның Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және өткізілетін орны туралы мәлімет, оның күн тәртібі, сонымен қатар көзбе-көз мәжіліс өткізген уақытта Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшесі отырысқа қатыса алмайтын болса, күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірме мазмұндалуы тиіс.

Күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдар Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылады.

74. Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшесі Қоғамның Директорлар Кеңесінің мәжілісіне оның қатысуының мүмкін еместігі туралы Қоғам Басқармасына алдын ала хабарлауға міндетті.

75. Қоғамның Директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізуге арналған кворум Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшелерінің санының жартысынан кем болмайтын санды құрайды және Қоғамның Директорлар Кеңесінің қатыспаған мүшелерін (олардың жазбаша түрде берген дауыстары бар болса) есепке ала отырып, айқындалуы мүмкін.

Егер Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы саны Жарғының осы тармағының алдыңғы абзацында анықталған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қоғамның Директорлар Кеңесі Қоғамның Директорлар Кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау жөніндегі мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндетті. Қоғамның Директорлар Кеңесінің қалған мүшелерінің мұндай мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы шешім қабылдауына ғана құқықтары бар.

76. Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы бар. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен өзге қарастырылмаса, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауыстарымен қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының немесе Қоғамның Директорлар кеңесінде төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Қоғамның Директорлар кеңесі тек қана Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алатын өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталған тәртіпте қабылданады.

Егер ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қарастырылған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәмілелерді орындау мерзімі мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі, сонымен қатар бағалаушының есебі (Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен қарастырылған жағдайда) туралы мәліметтер мазмұндалуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 68- бабының 1-тармағының 1) - 2) тармақшаларымен қарастырылған мәмілелерден бөлек ірі мәмілелер

санатына мәмілелер немесе өзара байланысқан мәмілелер жиынтығы, нәтижесінде Қоғам сатып алады немесе айыратын (сатып алынуы немесе айыруы мүмкін) мүлік құны Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен он және одан көбірек пайызды құрайтын өзге мәмілелер де жатады.

77. Қоғамның Директорлар Кеңесі төрағасының қалауы бойынша, оның қарауына шығарылған мәселер бойынша Директорлар Кеңесінің шешім қабылдауы сырттай дауыс беру жолымен шешіледі. Сонымен бірге отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер қолданылады.

Бұл ретте Директорлар кеңесі көзбе-көз отырыс өткізуге және сырттай өткізілетін отырыстар санын мейлінше азайтуға талпыныс жасайды. Қоғам осы Жарғысының 65 тармағында көрсетілген келесі мәселелер көзбе-көз дауыс беру нысанындағы отырыстарда ғана қарастырылатын болады: 1) - 4), 6) - 8), 12) - 13), 16) - 18), екінші-бесінші абзацтары 19), 20) - 24), 26), 29) - 33), 35) - 36), 40), 43) - 44), 46).

Сырттай дауыс беру арқылы шешім бюллетеньдерде белгіленген мерзімде алынған кворумның болуы кезінде қабылданған ретінде танылады. Қоғамның Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және корпоративті хатшының және Қоғамның Директорлар Кеңесі төрағасының қолтаңбалары қойылуы тиіс, сонымен қатар төмендегілер мазмұндалуы тиіс:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімінің жазбаша ресімделген күні мен орны;
- 3) Қоғамның Директорлар Кеңесінің құрамы туралы мәлімет;
- 4) отырыстың шақырылуын ұйымдастырған тұлғаны (органды) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы/болмауы туралы жазба;
- 7) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы және қабылданған шешім;
- 8) өзге мәліметтер.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде сол шешім негізінде осы шешім қабылданған бюллетеньмен қосып, Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберілуі керек.

78. Көзбе-көз тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған Қоғамның Директорлар Кеңесінің шешімдері отырыста төрағалық еткен тұлғамен және корпоративті хатшымен құрастырылатын және қол қойылатын, мәжіліс өткен күннен бастап үш күн ішінде ресімделуі тиіс хаттамамен ресімделеді және мынадай мәліметтер мазмұндалуы тиіс:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) толық атауы және орналасқан жері;
- 2) мәжіліс өткізілген күн, уақыты және орны;
- 3) мәжіліске қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) мәжілістің күн тәртібі;
- 5) дауысқа салынған мәселелер, және Қоғамның Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Қоғамның Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындысы;
- 6) әрбір мәселе бойынша талқылауларды суреттеумен қабылданған шешімдер;
- 7) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер.

Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері, сонымен қатар қолтаңбалары бар бюллетеньдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

Корпоративтік хатшы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Қоғамның Директорлар Кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен

қабылданған шешімдерді танысып шығу үшін беруі тиіс және (немесе) Қоғамның өкілетті қызметкерінің қолтаңбасымен және Қоғамның мөр бедерімен куәландырылған хаттамадан және шешімдерден үзінді көшірмелер беруге міндетті.

Қоғамның Директорлар кеңесі:

1) мүдделердің әлеуетті тартыстарын лауазымды тұлғалар және Жалғыз акционер деңгейінде, соның ішінде жасалуына мүдделілік бар мәміле жасасу кезінде, Қоғам меншігінің заңға қайшы қолданылуын және теріс пайдалануын қадағалау және мүмкіндігінше болдырмауы тиіс;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

79. Барынша маңызды мәселелерді қарастыру үшін және Директорлар Кеңесіне ұсыныстар әзірлеу үшін төмендегі мәселелер бойынша Қоғамда Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге мәселелер.

80. Қоғамның Директорлар Кеңесінің комитеттері Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелері мен нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Бұл ретте Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың саны оның құрамының жартысынан аз болмауы тиіс.

Қоғамның Басқарма төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Осы Жарғының 79 тармағында көрсетілген Директорлар кеңесі комитеттерінің басқарушылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

81. Қоғамның Директорлар кеңесі комитетін қалыптастыру және жұмыс тәртібі, сонымен қатар олардың сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

14. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

82. Ағымдағы қызметке басшылық ету Қоғам Басқармасымен жүзеге асырылады. Қоғам Басқармасын Басқарма Төрағасы басқарады.

Қоғам Басқармасы Қазақстан Республикасының заң актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, соның ішінде:

- 1) Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер қабылдайды;
- 2) Жалғыз акционермен, Директорлар Кеңесімен бекітілетін құжаттарға жатпайтын, Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;
- 3) Қоғамның даму жоспары (нақты бюджет болған кезде) шеңберінде Қоғамның бюджетін бекітеді, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 4) Еңбекке ақы төлеу ережесі мен Қоғам қызметкерлерінің (Басқарма мүшелерінен, Ішкі аудит қызметінен, корпоративтік хатшыдан бөлек) лауазымдық еңбекақысының сұлбасын бекітеді;
- 5) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешім қабылдайды;

6) Директорлар Кеңесімен бекітілген Қоғам қызметкерлерінің жалпы саны мен ұйымдық құрылымын ескере отырып, Қоғамның штаттық кестесін бекітеді;

7) қалыптастырылған провизия есебінен өндіріп алуға келмейтін үмітсіз несиелік берешекті есептен шығару туралы шешім қабылдайды;

8) Директорлар кеңесімен бекітілген ережелермен сәйкес провизия қалыптастыру есебінен өндіріп алуға үмітсіз берешекті балансты және/немесе баланстан тыс шоттардан (талап ету құқықтарынан бас тарту) есептен шығару туралы мәселелерді қарастырады және олар бойынша шешім шығарады;

9) Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің есептерін тыңдау қорытындылары бойынша провизия қалыптастыру туралы шешім қабылдайды;

10) Қоғам Басқармасы жанынан комитеттер (комиссиялар) құру туралы шешім қабылдайды және олар туралы ережені бекітеді;

11) Қоғамда жұмыс істейтін комитет(тер) (комиссия(лар)) төрағасының(ларының) есептерін тыңдайды (қажеттілігіне қарай);

12) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері басқарушыларының есептерін тыңдайды (қажеттілігіне қарай);

13) алдын ала Қоғамның даму стратегиясының жобасын мақұлдайды және Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарады;

14) Қоғамның салықтық есептік саясатын бекітеді;

15) Қоғам бағдарламаларымен және/немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген бастапқы лимиттер аясында жеке кәсіпкерлік субъектілеріне несиелер және қаржылай қолдауды көрсетудің басқа түрлерін беруді мақұлдау (бас тарту) жөніндегі мәселелер бойынша шешім қабылдайды;

16) енгізілген өзгерістердің Қоғам бағдарламаларына және/немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес келген шарттарда жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ұсынылған несиелер мен өзге қаржылай қолдау көрсету түрлерінің негізгі шарттарын өзгерту жөніндегі (соның ішінде несиелеу мерзімін өзгерту, жеңілдік кезеңін ұсыну және т.б.) мәселелер бойынша шешім қабылдайды;

17) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген лимиттер шегінің шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне кепілдіктерді беру туралы (беруден бас тарту туралы), Қоғамның Басқармасының шешімдерінің негізінде берілген кепілдіктердің негізгі шарттарын өзгерту немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды;

18) Қоғамның Несие комитетінің мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды;

19) даму стратегиясының, даму жоспарының іске асырылуын, Қоғамның жылдық бюджетінің орындалуын және Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерінің мақсатты мәндеріне қол жеткізілуін жүзеге асырады;

20) Тізімі Директорлар кеңесімен бекітілетін Басқарма мүшелері мен Қоғамның өзге басқарушы қызметкерлерін қоспағанда, даму стратегиясын, даму жоспарын, Қоғамның жылдық бюджетін іске асыруға бағытталған Қоғам қызметкерлерін уәждеу жүйесін бекітуді және Қоғам қызметінің жоғарғы негізгі көрсеткіштерін қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

21) егер өзге осы Жарғымен қарастырылмаған болса, Қоғамның жеке капиталы мөлшерінің он пайызына дейін құрайтын шамада Қоғамның міндеттемелерін ұлғайту туралы шешім қабылдайды;

22) Қоғамның ішкі құжаттарымен сәйкес Қоғаммен демеушілік (қайырымдылық) көрсету жөніндегі шешім қабылдайды;

23) Қоғамның басқа органдарының ерекше құзыретіне жатпайтын, Қоғам қызметін қамтамасыз етумен байланысты өзге мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

83. Қоғам Басқармасы Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелеріне, оларға жүктелген қызметтерді орындау барысында Қоғам қызметі туралы ақпараттың, оның ішінде құпия түрдегі ақпараттың, сұрату түскен сәттен бастап, он күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде дер кезінде берілуін қамтамасыз етеді.

84. Қоғам Басқармасы Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімен орындауға міндетті.

85. Қоғам Қоғам Басқармасымен жасалған мәміленің Қоғам белгілеген шектеулерді бұзып жасалғанының растығын даулауға құқылы, егер мәміле жасалар кезде тараптар осындай шектеулердің бар екендігін білгенін дәлелдейтін болса.

86. Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғамның қызметкерлері болып табылады.

Қоғам Басқармасының мүшесі басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

Қоғамның Басқарма мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындаулары және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін барынша көп дәрежеде білдіретін тәсілдерді пайдаланулары тиіс.

Қоғамның Басқарма мүшелері Қоғам мүлкін пайдаланбауы немесе оны Жарғыға, Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар Кеңесінің шешімдеріне қарсы әрекетте пайдалануға, сонымен қатар жеке мақсат үшін және өздерінің афилиирленген тұлғаларымен мәміле жасаған уақытта теріс пайдалануға жол бермеулері тиіс.

Қоғамның Басқарма мүшелері залалдардың алдын алу үшін, Қоғамның Басқарма отырысын шақыруға ынтагерлік білдіру, Басқарма Төрағасын хабардар ету жолымен немесе қол жетімді өзге тәсілмен Қоғам қызметін оңтайландыру үшін қажетті шаралар қолдануға міндетті.

Қоғамның Басқарма мүшелері өздері жетекшілік ететін мәселердің шеңберіндегі істердің жағдайы жөнінде Басқарма Төрағасын хабардар етіп отырады.

Қоғамның Басқарма мүшелерінің өзге функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, сонымен қатар Қоғаммен осы шартты жасасып отырған тұлғаның еңбек шартымен анықталады. Қоғам атынан Қоғам Басқармасының Төрағасымен жасалынған еңбек шарты Қоғамның Директорлар Кеңесінің төрағасымен немесе бұған Жалғыз акционермен немесе Қоғамның Директорлар Кеңесімен уәкілеттік берілген тұлғамен қол қойылады.

Қоғам Басқармасының басқа мүшелерімен жасалынған Еңбек шарты Басқарма Төрағасымен қол қойылады.

87. Қоғам Басқармасы кемінде үш адамнан тұрады.

88. Қоғам Басқармасы, әдеттегідей, кемінде айына бір рет жиналады.

89. Қоғам Басқармасының шешімдері қатысушы мүшелердің көпшілік дауыстарымен қабылданады. Қоғам Басқармасының шешімдеріне мәжіліске қатысып отырған Қоғам Басқармасының барлық мүшелері қол қоюы және дауысқа салынған мәселелер, әрбір мәселе бойынша Қоғам Басқармасының әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, ол бойынша дауыс беру қорытындылары мазмұндалуы тиіс хаттамамен ресімделеді.

90. Басқарма Төрағасы:

1) Қоғам Басқармасын басқарады;

2) Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында оның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында Қоғамды ұсыну құқығына сенімхаттар береді;

5) Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін белгілейді, корпоративтік хатшыны, ішкі аудит қызметі қызметкерлерін, Қоғам Басқармасының мүшелерін және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің сыйақы мөлшерін анықтайды;

6) өзі болмаған жағдайда, өз міндеттерін Қоғам Басқармасы мүшелерінің біреуіне жүктейді;

7) Қоғам Басқармасы мүшелері арасында міндеттерді, сонымен қатар өкілеттік және жауапкершілік салаларын бөліп береді;

8) Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;

9) Қоғамның ағымдағы және келешекті жоспарлар мен бағдарламаларының - Қоғамның жұмыстарының орындалуын қамтамасыз етеді;

10) Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесі алдында Қоғам жұмысы үшін жауапкершілікті көтереді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің алдында есеп береді;

12) Қоғамның банктік және басқа шоттарын ашады;

13) құзыреті шектерінде бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;

14) Қоғам Басқармасының мәжілісін шақырады және оның қарауына қажетті материалдарды ұсынады;

15) Қоғамның жұмыскерлерімен Қоғамның атынан, оның ішінде Қоғамның Басқарма мүшелерімен, корпоративтік хатшымен және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен белгіленген тәртіпте, еңбек шарттарын жасайды, өзгертеді және бұзады;

16) Қоғамның атынан тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын, сатып алуларға жатқызылмайтын шарттарды, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің несиелері мен лизингтік мәмілелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау құралдарын іске асыру мақсатында жасалатын шарттарды жасайды, өзгертеді және бұзады; сондай-ақ аталған өкілеттікті Қоғамның басқа тұлғасына тапсыруға құқылы;

17) Қоғам Басқармасымен анықталатын тәртіпте ішкі нормативтік құжаттарды, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді қоса алғанда, бекітеді;

18) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің орташа мерзімді жоспарының және оның орындалғаны жөніндегі есептің әзірлемесін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде қамтамасыз етеді;

19) Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар Кеңесінің, сондай-ақ Қоғам Басқармасының айрықша құзыреттеріне жатпайтын, орындалуы қажет болып табылатын Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты қалған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Қоғамның Басқарма Төрағасының шешімі бойынша Қоғамның Басқарма мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте оның өкілеттіктерінің қандай да біреуі табысталуы мүмкін.

91. Басқарма Төрағасы атқарушы орган басқарушысының немесе өзге заңды тұлғаның атқарушы орган функциясын жеке жүзеге асырушы лауазымын атқаруға құқылы емес.

15. ЕСИЕ КОМИТЕТІ

92. Несие комитеті жеке кәсіпкерлік субъектілері екінші деңгейдегі банктерден және өзге заңды тұлғалардан несиелер алуы кезінде кепілдіктер ұсынумен байланысты жұмысты жүзеге асыратын тұрақты әрекет ететін Қоғамның алқалық органы болып табылады.

93. Несие комитетінің қызметіне басшылықты Несие комитетінің Төрағасы жүзеге асырады.

94. Несие комитетінің Төрағасы болмаған жағдайда оның өкілеттіктері Несие комитеті Төрағасының Орынбасарына жүктеледі.

95. Несие комитетінің отырысын шақыру, отырысты өткізу күні, уақыты және орны және күн тәртібінің мәселелері туралы шешімді, сонымен қатар отырысқа қатысуға шақырылған тұлғалардың тізімі туралы шешімді Несие комитетінің Төрағасы қабылдайды.

96. Несие комитеті отырысының күн тәртібі Несие комитеті Төрағасының, Несие комитеті мүшелерінің, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басқарушыларының ұсыныстарының негізінде қалыптастырылады және Несие комитетінің отырысы өтетін күннен бір күн бұрын Несие комитетінің Төрағасымен бекітіледі.

97. Несие комитетінің отырысы қажеттілігіне қарай өткізіледі, бірақ айына бір реттен кем емес. Қажет болған жағдайда Несие комитетінің Төрағасы кезекті отырысты ауыстыра алады немесе Несие комитетінің кезектен тыс отырысын шақыра алады.

98. Несие комитетінің отырыстары Несие комитеті мүшелерінің жартысынан кем емес кворум болған кезде өткізіледі, сонымен бірге кворум Несие комитетінің келмеген мүшелерін есепке ала отырып, анықталуы мүмкін (жазбаша нысанда көрсетілген, олардың дауысы болған кезде).

99. Кворумның болуын отырыс ашылған кезде Несие комитетінің Төрағасы анықтайды.

100. Несие комитетінің әрбір мүшесі бір дауысты иеленеді. Несие комитетіне шығарылған мәселелер бойынша шешімдер отырысқа қатысушылардың және өзінің пікірін жазбаша түрде білдірген дауыстардың жай көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Несие комитеті Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

101. Несие комитеті мүшесінің дауысты өзге тұлғаға, соның ішінде Несие комитетінің мүшелеріне табысталуына жол берілмейді.

Несие комитетінің шешімімен келіспеген жағдайда, Несие комитетінің мүшесі талап етуге, ал хатшы хаттамаға ерекше пікірді енгізуге міндетті.

102. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген лимиттер шегінің шеңберінде Несие комитеті жеке кәсіпкерлік субъектілеріне кепілдіктерді беру туралы (беруден бас тарту туралы), Несие комитетінің шешімдерінің негізінде берілген кепілдіктердің негізгі шарттарын өзгерту немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды.

103. Несие комитетінің мүшелері, Несие комитетінің хатшысы, оның отырысына шақырылған Қоғам қызметкерлері және өзге тұлғалар Несие комитетіне қарауға шығарылған мәселелердің тақылану барысын, дауыс беру барысын құпияда сақтауға міндетті.

104. Несие комитетінің шешімдерін іске асыру үшін жауапкершілікті осыған қатысты Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері өздерінің функционалдық міндеттерінің шеңберінде көтереді.

105. Несие комитетінің шешімдерінің орындалуын бақылау Қоғамның сәйкесінше құрылымдық бөлімшелерінің басқарушыларына, қажеттілігіне қарай Қоғамның өзге қызметкерлеріне де жүктеледі.

106. Несие комитетінің мүшелері міндетті:

1) Қоғам мүдделеріне әрекет етуге, өзінің құқықтарын жүзеге асыруға және Қоғамға қатысты міндеттерді адал және ақылға қонымды орындауға, шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдерді және Қоғам үшін қолайсыз себептерді бағалауға;

- 2) Несие комитетінің отырыстарына қатысуға;
- 3) шешімдердің қабылдануында өздерінің жеке мүдделілігі бар мәселелер бойынша дауыс беруден қалыс қалуға;
- 4) іскерлік этика нормаларын сақтауға;
- 5) Қоғамның қызметі туралы ақпараттардың құпиялылығын сақтауға, соның ішінде Қоғамда жұмыс істеуін тоқтатқан сәттен бастап үш жылдың ішінде, егер Қоғамның ішкі құжаттарымен өзге белгіленбесе;
- 6) хабардарлық, айқындық негізінде, Қоғамның және оның Жалғыз акционерінің мүдделеріне, Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарымен сәйкес әрекет етуге;
- 7) мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікірлер шығаруға;
- 8) кәсіпқойлық, адалдық және объективтілік сияқты қағидаларды сақтай отырып, әрекет етуге.

107. Несие комитетінің мүшелері Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілікті көтереді.

16. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

108. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылды. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының құрамынан сайлана алмайды.

109. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесімен белгіленген тәртіпте:

- 1) Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпаратты ұсынады;
- 2) Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге сәйкес, оның құзыретіне кіретін өзге функцияларды жүзеге асырады.

110. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне есеп береді. Ішкі аудит қызметіне жетекшілік жасау Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетімен жүзеге асырылады. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен қызметтері, оның құқықтары мен жауапкершілігі, сонымен қатар оның жұмыс тәртібі Директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы Ережесімен анықталады.

17. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

111. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

- 1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;
- 2) қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны Қоғам жарғысына және Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;
- 3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды;
- 5) Қоғамда өз жұмысын тоқтатқан сәттен бастап, үш жылдың ішінде, егер Қоғамның ішкі құжаттарымен өзге белгіленбеген болса, Қоғам қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті.

112. Қоғамның лауазымды тұлғалары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және қоғамға келтірілген залалдар үшін:

- 1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;
- 2) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;
- 3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Қоғам мен Жалғыз акционер алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікті көтереді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және (немесе) Қоғам Жарғысымен қарастырылған жағдайларда Жалғыз акционермен ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле жасау туралы шешім қабылдау, осындай мәміле жасасуды ұсынған лауазымды тұлға және (немесе) мүшесі болып табылатын Қоғам органының мәжілісінде жосықсыз әрекет еткен және (немесе) ешқандай әрекет жасамаған, оның ішінде олардың не болмаса олардың аффилиирленген тұлғаларының пайда (табыс) алу мақсатында, егер мәміле жасасу нәтижесінде Қоғамға залал келтірген әрекет еткен лауазымды тұлғаны жауапкершіліктен босатпайды.

113. Жалғыз Акционердің шешімі негізінде Қоғам немесе Жалғыз акционер өз атынан лауазымды адамға оның қоғамға келтірген зиянды не залалдарды қоғамға өтеуі туралы, сондай-ақ, егер лауазымды адам жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген болса, Қоғамға залал келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) лауазымды адамның және (немесе) оның аффилиирленген тұлғаларының қоғамға қайтаруы туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Жалғыз акционердің шешімінің негізінде Қоғам немесе Жалғыз акционер өз атынан, Қоғамның лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындай мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде Қоғамның осы лауазымды тұлғасы осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның Жарғысы мен Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, қоғамның осы үшінші тұлғамен жасаған мәмілесі нәтижесінде қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға және Қоғамның лауазымды тұлғасы қоғамға осындай залалдарды өтеу кезінде ынтымақты борышкерлер ретінде әрекет етеді.

Жалғыз акционер сот органдарына өтініш жасағанға дейін Қоғамның лауазымды тұлғаларының келтірген залалдарды қоғамға өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының қоғамға қайтаруы туралы мәселені Директорлар кеңесінің отырысына шығару туралы талаппен Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуге тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы Қоғам Жарғысының осы тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде Қоғамның Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысын шақыруға міндетті.

Қоғамның Жалғыз акционерінің өтініші бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде оның назарына жеткізіледі. Қоғамның Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не оны Қоғам Жарғысының осы тармағымен белгіленген мерзімде алмаса, Жалғыз акционер өз атынан аталған мәселе бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына акционердің өтініш жасағанын растайтын құжаттар болған кезде қоғам мүдделерін қорғау үшін талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

114. Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде Қоғамға залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды тұлғаны қоспағанда, Қоғамның лауазымды тұлғалары, егер Қоғамның органы қабылдаған, Қоғамға не Жалғыз акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

Егер лауазымды тұлғаның Қоғамның лауазымды адамдары қызметінің Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Қоғам мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

115. Сот экономикалық қызмет саласында меншікке қарсы немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстарды жасауға кінәлі деп таныған, сондай-ақ қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодексінің 35 бабының бірінші бөлімінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36 бабының негізінде аталған қылмыстарды жасағаны үшін босатылған Қоғамның лауазымды тұлғалары, заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелген не алып тасталған не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап бес жыл ішінде Қоғамдардың лауазымды адамдарының міндеттерін, сондай-ақ Жалғыз акционер өкілінің міндеттерін орындай алмайды.

116. Егер Қоғамның қаржылық есептілігі Қоғамның қаржылық жағдайын бұрмаласа, Қоғамның осы қаржылық есептілігіне қол қойған қоғамның лауазымды тұлғалары осының нәтижесінде материалдық зиян келтірілген үшінші тұлғалар алдында жауапты болады.

Қоғам Жарғысының 112-116 тармақтарының мақсаттары үшін келесі айқындамалар қолданылады:

жосықсыз іс-әрекет, яғни нәтижесінде Қоғамға әдеттегі кәсіпкерлік тәуекелмен қамтылмайтын залалдар келтірілген, Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген қағидаттарын бұза отырып, ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы қоғам мүдделерінен тыс шешім қабылдау (мәміле жасасуды ұсыну);

әрекетсіздік, яғни нәтижесінде Қоғамға әдеттегі кәсіпкерлік тәуекелмен қамтылмайтын залалдар келтірілген ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау кезінде Қоғамның лауазымды тұлғасының қалыс қалуы не дәлелді себепсіз дауыс беруге қатыспауы.

18. ЕСЕП, ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ АУДИТ

117. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

118. Қоғам шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және

аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жария етіледі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарларына жеткізіледі. Нәтижесінде қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.

119. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Қоғамның директорлар кеңесімен ол Жалғыз акционердің қарауына шығарылғанға дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей алдын ала бекітілуі тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту Жалғыз акционермен жүргізіледі.

120. Қоғам есептік мерзім аяқталғаннан кейін 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен кешіктірмей белгіленген тәртіпте аудиторлық ұйымдармен жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті. Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша Қоғам есебінен не Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы.

Жалғыз акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Қоғам Басқармасы Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

121. Қоғамның статистикалық есебі және есептілігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

19. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУІ. ҚОҒАМ ҚҰЖАТТАРЫ

122. Қоғам өзінің қызметі туралы ақпаратты Қоғамның Интернетте жұмыс істейтін интернет-ресурсында (корпоративтік веб-сайт) және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте баспа басылымдарында жариялайды. Қоғам корпоративтік веб-сайтта ірі акционерлері туралы ақпаратты, сондай-ақ басшылық қызметті немесе басқа негізгі қызметті басқа заңды тұлғада қатар алып жүретін Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелері туралы мәліметтерді, қор биржасының ішкі құжаттарымен анықталатын тәртіпте басқа заңды тұлғадағы олардың өкілеттіктері мен міндеттері туралы ақпаратты көрсете отырып, орналастыруға міндетті.

Қоғам өзінің Жалғыз акционері мен инвесторларының назарына қоғамның мынадай корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жеткізуі тиіс:

- 1) Жалғыз акционермен қабылданған шешімдер;
- 2) бұл мәселелер туралы ақпаратты қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Жалғыз акционердің және инвесторлардың назарына жеткізуге тиіс Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесі олардың тізбесі бойынша қабылдаған шешімдер;
- 3) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

4) Қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелерді жасауы.

Нәтижесінде Қоғамның активтерінің мөлшерінен он және одан көп пайыз сомада мүлік сатылып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратқа мәміленің тараптары, сатылып алынған немесе иеліктен шығарылған активтер туралы, мәміле мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ мәміле туралы басқа мәліметтер қосылуы тиіс;

5) Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі;

6) Қоғамның өз капиталының жиырма бес және одан да көп пайызы болатын мөлшерде қоғамның қарыз алуы;

7) қызметтің қандай да түрін жүзеге асыруға Қоғамның рұқсаттар алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға Қоғамның бұрын алған рұқсаттары қолданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

8) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;

9) Қоғам мүлкін тәркілеу;

10) нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын Қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

11) Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;

12) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

13) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

14) Қоғамның жарғысына, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

123. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты ұсыну Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қоғамның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде ақпаратты жариялау (Жалғыз акционердің назарына жеткізу) мерзімдері көзделмеген жағдайда, осы ақпарат ол пайда болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жарияланады (Жалғыз акционердің назарына жеткізіледі).

Жалғыз акционерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламасын (шақыруын) Қоғам алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты иеленуші Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

124. Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттары Қоғам өзі қызмет еткен бүкіл мерзім ішінде Қоғам Басқармасының орналасқан жерінде немесе Қоғам Басқармасының шешімі бойынша өзге де жерде сақтауға жатады.

Келесі құжаттар сақталуға жатады:

1) Жарғы, Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) жалғыз құрылтайшының шешімі, жалғыз құрылтайшының шешіміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

3) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір әрекеттер жасауға алған рұқсаттары;

4) Қоғамның өз балансында тұратын (тұрған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;

6) Қоғамның бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың

күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы уәкілетті органға табыс еткен есептерін бекіту;

7) Қоғамның филиалдары және өкілдіктері туралы ереже;

8) Жалғыз акционердің шешімдері және оларға сәйкесінше материалдар;

9) директорлар кеңесі отырыстарының (сырттай өткізілген отырыстар шешімдерінің) хаттамалары мен бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Қоғамның Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;

10) Қоғам Басқармасының және Қоғамда қызмет ететін басқа органдардың отырыстарының (шешімдерінің) хаттамалары;

11) корпоративтік басқару кодексі;

12) аудиторлық есептер;

13) Қоғамның мүлкін бағалау жөніндегі бағалаушылардың есептері;

14) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары;

15) Қоғамның қызметін уәкілеттік органдармен тексеру актілері.

125. Өзге құжаттар, соның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімнің ішінде сақталады.

126. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген құжаттардың көшірмесін Қоғам Басқармасымен белгіленген тәртіппен, бірақ Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндетті. «Құпия», «Қызметтік пайдалану үшін» деген белгімен Жалғыз акционерге белгілі болған Қоғам қызметі туралы ақпарат, үшінші тұлғаға жазбаша немесе басқаша нысанда тапсырылуы мүмкін емес. Осындай ақпараттан хабардар Жалғыз акционер оны құпия сақтауға міндетті. Құпия ақпарат Қоғам Басқармасының рұқсатымен ғана ашылуы мүмкін, ондай болмаған жағдайда, Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікті көтереді.

Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпарат қамтылған бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар оның талабы бойынша танысу үшін Жалғыз акционерге берілуі тиіс.

127. Қоғам аффилирленген тұлғаларымен ұсынылған мәліметтердің негізінде өзінің осы тұлғалар туралы есебін жүргізеді.

Қоғам Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес анықталған қаржылық есептілік депозитарийін, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, Қоғамның жылдық қаржылық есептемесін және аудиторлық есептерді, Қоғамның аффилирленген тұлғаларының тізімін, сондай-ақ Қоғамның басқармасының мүшелерін жылдың қорытындылары бойынша бағалы қағаздар нарығын қадағалауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіпте және мерзімде сыйақылардың қосынды мөлшері туралы ақпаратты интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етеді.

128. Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилирлену туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы бұрын аффилирленген тұлға деп көрсеткен тұлға, егер Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы Басқарма Төрағасын ол туралы бес күн ішінде хабардар еткен болса, онда ол аффилирленген тұлға деп есептелінбейді.

Аффилирленген тұлғалар туралы ақпарат Қоғамның Басқарма Төрағасына бағалы қағаздар нарығына белгіленген тәртіпте реттеу және қадағалау жүргізіп отырған мемлекеттік

орган бекіткен тиісті нысанда ұсынылады.

129. Қоғаммен мәміле жасауға мүдделі тұлғалар (бұдан әрі – мүдделі тұлғалар) жасалуына мүдделілікке ие мәмілені жасау туралы шешімді Қоғаммен қабылдауға дейін Қоғамның Директорлар кеңесінің назарына келесі ақпаратты жеткізуге міндетті:

1) олардың мәміленің бір тарабы болып табылатындықтары немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы үш жұмыс күні ішінде;

2) олар аффилирленген заңды тұлғалар туралы, оның ішінде олар дербес немесе өздерінің аффилирленген тұлғаларымен бірлесіп дауыс беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) он және одан өп пайызын иеленетін заңды тұлғалар туралы, және олардың органдарында лауазымды алатын заңды тұлғалар туралы;

3) олар мүдделі тұлғалар ретінде танылулары мүмкін оларға белгілі жасалатын немесе жорамалданатын мәмілелер туралы.

20. ҚОҒАМ МЕНШІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

130. Қоғам меншігін және оған тиесілі құқықтарды құқықтық қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

21. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

131. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

132. Қайта ұйымдастыру ерікті немесе мәжбүрлі жүргізілуі мүмкін.

133. Мәжбүрлі қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған жағдайларда сот органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

22. ҚОҒАМДЫ ТАРАТУ

134. Қоғамды ерікті тарату туралы шешім Жалғыз акционермен қабылданады, ол кредиторлармен келісім бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың бақылауымен тарату рәсімін анықтайды.

135. Қоғамды мәжбүрлі тарату Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда сотпен жүзеге асырылады.

Қоғамды тарату туралы талап, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге көзделмеген болса, сотқа мүдделі тұлғалармен ұсынылуы мүмкін.

136. Соттың немесе Жалғыз акционердің Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясы Қоғамды тарату кезеңінде Қоғамды басқару бойынша және тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған іс-әрекеттерді жүзеге асыру бойынша өкілеттіктерге ие болады.

Ерікті тарату кезінде тарату комиссиясының құрамына Қоғамның кредиторларынан өкілдері, Жалғыз акционердің өкілдері, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес басқа да тұлғалар қосылуы тиіс.

137. Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акцияларының Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте күші жойылуға жатады.

Таратылатын Қоғамның мүлкін бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған асырылады.

23. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР


138. Егер осы Жарғының қандай да бір ережесі жарамсыз болатын болса, онда бұл жарамсыз қалған ережелерінің жарамдылығына әсер етпейді. Жарамсыз ереже Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына жауап беретін басқа ережемен ауыстырылуы мүмкін.

139. Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте оны қабылдаған күнінен бастап күшіне енеді.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры»
акционерлік қоғамының
Басқарма Төрағасы



К. Тулеушин



«УТВЕРЖДЕН»
Решением единственного акционера
АО «Фонд развития предпринимательства «Даму»
(протокол очного заседания Правления
АО «Национальный управляющий холдинг
«Байтерек»
от 13.10.2016 года № 41/16)

У С Т А В

акционерного общества
«Фонд развития предпринимательства «Даму»

г. Астана, 2016 год

1. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА

1. Акционерное общество «Фонд развития предпринимательства «Даму» (далее - Общество) создано на основании постановления Правительства Республики Казахстан от 26 апреля 1997 года № 665 «О создании Фонда развития малого предпринимательства» в форме акционерного общества со 100% (сто процентным) участием государства в уставном капитале Общества.

2. Единственным акционером Общества является акционерное общество «Национальный управляющий холдинг «Байтерек» (далее - Единственный акционер).

3. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах», другими нормативными правовыми актами Республики Казахстан, международными договорами (соглашениями), ратифицированными Республикой Казахстан, внутренними документами Общества и настоящим Уставом.

4. Общество приобрело права юридического лица с момента его государственной регистрации в органах юстиции Республики Казахстан.

5. Общество является коммерческой организацией, имеет самостоятельный баланс, обладает имуществом, обособленным от имущества Единственного акционера, вправе открывать собственные банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

6. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества и не отвечает по обязательствам Единственного акционера.

Единственный акционер Общества не отвечает по его обязательствам и несет риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих ему акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

7. Срок деятельности Общества – не ограничен.

8. Общество имеет круглую печать, штампы, эмблему, бланки со своим наименованием на государственном, русском и английском языках.

9. Общество в соответствии с законодательством Республики Казахстан, с учетом установленных ограничений, вправе участвовать в уставных капиталах других юридических лиц, открывать свои филиалы, представительства на территории Республики Казахстан и наделять их правами в пределах уставных положений.

Филиал и представительство Общества осуществляют свою деятельность в пределах прав, делегированных им Обществом, и в соответствии с положениями о них, утвержденными уполномоченным органом Общества. Первые руководители филиала и представительства действуют на основании доверенности, выданной Обществом, в пределах предоставленных им полномочий, подотчетны вышестоящим органам Общества.

10. Финансово-хозяйственная деятельность Общества осуществляется на основе его имущественной, экономической, финансовой и хозяйственной самостоятельности.

11. Общество организует свою работу во взаимодействии с государственными органами, с представителями общественных объединений по поддержке и развитию частного предпринимательства, с зарубежными и международными финансовыми организациями, иностранными правительственными и неправительственными организациями.

12. Общество осуществляет свою деятельность в соответствии со стратегическими направлениями развития Общества.

2. НАИМЕНОВАНИЕ И МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ ОБЩЕСТВА

13. Наименование Общества:

полное наименование:

на государственном языке: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы;

на русском языке: акционерное общество «Фонд развития предпринимательства «Даму»;

